

Бұл өлең жолдары арқылы түрмеде жатса да ел қамын күйттеген елін сүйетін нағыз ұлттың көсемінің бейнесі көрінеді.

1937 жылы төртінші рет ұсталған А.Байтұрсынұлы түрмеде неше түрлі азапты көріп өзегі өртенген, қабағын мұң басқан ақын өзінің шерін тарқатқысы келеді. Сырлас інісі Файзолла Сатыпалдыұлына өлең хат арнайды. Хатта өз басына түскен қиындық пен әділетсіздік, сағыныш, күйініш т.б. эмоциялардың тоғысы баурап алғандай. Адресат өзінің соңғы хаты екендігін де түсінеді. Өзіне ажалдың жақындағанын да сезетін тәрізді. Өлеңнің алғашқы жолдарында өз өміріне, қоғамға өкпелі Аханды көрсек, кейінгі жолдарында өз мүддесін, өз эмоциясын ысырып, әділет жолында тайсалмайтын қайсар рухты бейнесін, ел үшін еміренген ұлттың ұйытқысы екенін көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлының біз тапқан хаттары осылар. Бірақ, осылардың өзінде сезім мен дүниеге деген көзқарасы айқын көрінеді. Өмір белестері, ақынның ішкі жан дүниесі, шынайы сезімдері хатта көрінеді. Хат осынысымен де құнды.

Қорыта келе, Ахмет Байтұрсынұлының эпистолярлық мұрасының әлі толық жарық көрмегенін байқауға болады. Ендеше ұлт көсемінің хаттарын жинау, жариялау ісі қолға алынуы керек деп ойлаймыз.

Алаш зиялылары, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов т.б. ақын-жазушылардың, мемлекет қайраткерлерінің эпистолярлық мұрасын зерттеп, зерделенуі қажет. Сонда ғана эпистолярлық жанрдың қазақ әдебиеттануындағы даму тарихын бағамдай аламыз. Сонымен қатар, тарихи, әдеби мәселелерді шешу де ықпалы зор болары анық. Ол үшін архивтегі эпистолярлық мұраны мемлекеттік деңгейде шығаруға көңіл бөлінуі керек деп ойлаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев) Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
2. Ергөбек Қ. Баянсөз. – Тараз: «Жалын» баспасы орталығы, 2019. – 512 б.
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, «Алаш», 2003. – 408 б.
4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. - Алматы: «Ел-шежіре», -2013.
5. Өртеңге өскен қызғалдақтар.../өлеңдерді жинап нотаға түсірген Г.Бәйтенова; Алғы сөзі мен ескертулерін жазған Ә.Мұхамбетова, Г.Бәйтенова; «Хат-өлең жанрының генезисі» атты мақала – Т.Әсімқұлов. – Алматы: ТОО «Дайк-Пресс», 1995. – 160 б.
6. Имаханбетова Р.С. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). Монография. – Астана: «Педагогика ПРЕСС», 2010. - 304 б.

БАЛА ТӘРБИЕСІ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

Маталиева А.Е.

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ф.ғ.магистрі
Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы
Тараз қ., Қазақстан*

Қазақ халқының ұлттық санасы мен рухын жаңғыртудағы өнер мен білімнің теңдессіз ролін атап көрсетіп және соған байланысты ғылыми жүйедегі ой тиянағымен отандық ғылым көкжиегін тың сапада түлеткен Ахмет Байтұрсынұлының ой тұжырымдары ғылыми-танымдық және ұлттық идеологиялық қырынан бірегей. Жаугершілік заманалар салдарынан тұрмыстың тауқыметін тартып, рухани –интеллектілік қауқары кеми бастаған ел-жұртына: «Надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң

олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты» [1] - деп үн қатқан кемеңгер білімнің қуатымен жарқын болашаққа жол салуға байланысты озық идея, ұлағатты ой толғамдарын мұра етіп қалдырды. Бабалар дәстүрінде жалғасын тауып келе жатқан жасампаз беталыстарды заман талабына сай жаңғырту мәселесінде А.Байтұрсынұлының ғылымға қосқан табысы теңдессіз.

Бала оқыту ісінен бастап жалпы білім беруге қатысты мәселелерді тегіс қамти отырып қарастырған ғұлама оқулықтар жазып, оқытудың әдістері мен бағыт бағдарлары жөнінде ілкімді ой-байламдарын жасауы - ұлттық даму тарихымыздағы баға жетпес үлес. Сондай-ақ қоғамдық өмірдегі көшбасшы ретінде қазақ халқының оқу-білім мәселесін газет-журналдар мен арнайы ұйымдастырылып отырған келелі жиындарда өзекті тақырып ретінде алдыға тартып отыруы оның туған халқын бар болмысымен сүйе білген ұлттық тұлға болғандығын білдіреді. ХХ ғасыр басындағы «ескі» мен «жаңаның» жанталасы жалпақ қазақтың да жаңаға бет түзеп, жан-жақты жанданыстардан сырт қалмау талабын алдыға тартты. Міне, сол бұрқ-сарқ қайнаған қоғамдық құбылыстардың бел ортасынан табылған ұлт жанашыры - Ахмет Байтұрсынұлы елдің бағыт-бағдарын түзеу мәселесін тікелей бала оқыту ісін түзеуден бастау керек деген шешімге келді. Соған орай әуелі бала оқытатын арнайы маман ретінде мұғалімдер қауымына бірқатар мақсат-міндеттер мен тың талаптардың жауапкершілігін атап көрсетті. Бала оқытатын адамның өзі алдымен балаға не үйрететінін жақсы білуі керек дегенге тоқталды. Содан соң мұғалім баланың табиғатын жақсы тани білу міндетін де басты зәрулік ретінде атап көрсетті. «... оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынан хабар аларлық болу керек», - дей келіп, ұстаздар қауымына артылатын жүктің салмағы қаншалықты ауыр екендігін баса айтты. Тумысынан екі түрлі мінезбен, яғни адами жаратылысқа тән тәннің құмары және жанның құмары дейтін табиғи мүмкіндіктермен туылатын адамзатын Абайша атқанда, «Толық адам» қалыбында тәрбиелеу мәселесінде табиғилықтан ауытқып кететін жағдайға ұрынарымыз шындық. Бұл туралы жетінші қара сөзде «Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік» [2] деп айтылады. Дала данышпаны әуел бастағы жан құмарының белсенді күйде болу ерекшелігіне тереңінен мән береді. Осыған қарап адам тағдыры, қала берді жалпы қоғамдық өмірдегі келеңсіздіктердің түп тегігі адам жаратылысындағы табиғи заңдылықтардың бұзылуына байланысты екендігін пайымдаймыз.

Қазіргі қоғамдық өмірде көрініс тауып жатқан балалар арасындағы құқық бұзушылық, суицид, еліктегіштік т.б. сынды келеңсіз жайттар осы айтылған жан құмары мен тән құмары арасалмағындағы табиғи баланстың бұзылу салдары екендігі сөзсіз. Күнделікті естіп, көріп жүргеніміздей әрбір адамдыққа жат, арға қарама-қайшы оқиға орын алып болғаннан кейін дабыл қағуды әдетке айналдырып алғанымыз рас. Ал асылында келеңсіздікпен күрес болған жайтты дабыралап, дабыл көтеруге байланысты емес. Керісінше, ондай жағымсыз жай-жағдаяттарға жол бермеудің ізгі амалдарына жете мән беру арқылы ғана тығырықтың алдын алсақ керек. Сондай-ақ қазіргі білім беру платформаларын кеңінен жайлап алған жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес формалистік таным-түсінікке негізделген бірыңғай жаттанды, дайын білімді меңгерумен шектеліп жатырмыз. А.Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда «өлі оқу, өлі білімге» төселгендігіміздің нақты белгісі мынадай: «Оқу біткеннің бәрінен алатын білім – өлі білім. Үйткені оның бәрі де нәрсенің өзімен, затымен айналыстырып үйретпей, тек нәрсенің атымен, бернесімен ғана айналыстырып үйретеді. Бәрі де істің әдісін үйретпей, тек мәнісін үйретеді. Сондықтан оқу мектептерінен шыққандарда мәніс білім мол болғанмен, әдіс білім аз болады. Әдіссіз тек мәніс білімі ол – өлі білім. Тіршілік – тірлік

шарасы. Тірлік шарасына үйрететін білім тірі білім болу керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек».

Білім беруде мазмұнға емес, сыртқы формаға назар аудару - жетпіс жылға созылған тоталитарлық қоғамның қалы. Оның бірнеше себебін атап өтуге болады. Біріншіден, оқушыға нені? қалай? не үшін оқытамын? деген сұрауларға жауап іздеместен жаттанды, дайын білім бердік. Екіншіден, оқушының ойымен, пікірімен санасуды назарға алмадық. Үшіншіден, сапаға емес, санға жұмыс жасадық және тізе берсек, бірнеше себептер шыға береді. Ең бастысы, А.Байтұрсынұлы ескерткендей, мұғалім балаға дене тәрбиесін бере отырып, жан тәрбиесіне бар күшін салу керектігін ескермедік. Ескерген күннің өзінде шетелдік білім беру жүйесіне сүйенуді жөн көрдік. Дүниені тану, алған білімді өмірде қолдану, яғни функционалдық сауаттылықты қалыптастыру туралы айтқан шетелдік ғалымдардың пікіріне жүгіндік, жаңалық ретінде қабылдадық. Дүниені танудың сыры, жолдары жайында айтылған ұлы Абайдың, Ахметтің, Мағжанның ойларына үнілмедік. М.Жұмабаев: «Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса – өзін, асса – барлық адам баласын адал жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғыық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару» [3.186] - деген пікірі қазіргі біздің айтып жүрген функционалды сауатты, интеллектісі дамыған тұлғамыз екені даусыз. Демек, интеллектуалды тұлға тәрбиелеу үшін алдымен баланың сындарлы ойлай алу қабілетін дамытуымыз керек. Сындарлы ойлау дағдысы қалыптаспаған оқушы ақ пен қараны ажыратып, әр істің байыбына бара бермейді, өзіндік ойы, тұжырымы болмайды. Ал бұл өз кезегінде қоғамда келеңсіз істерді жасайтын, өзгенің айтуымен немесе жол көрсетуімен жүретін адамдардың, Абайша айтсақ, тобырдың көбеюіне алып келеді. Сондықтан оқушыларды жаттанды түрде оқыту емес, ұлт ұстазы ұсынған «баулу» түрінде үйрету орынды. А.Байтұрсынұлы «Баулу мектебіне» төмендегідей анықтама береді: «Баулу мектеп – нәрседен нәрсе жасап, тауар қылып шығаратын пабірік, зауыт сияқты да орын емес, өзінен-өзі өсерлік жағдай жасап, бәрін бәрін даяр күйінде беріп, балапан шығаратын жұмыртқа сықылды да орын емес, ұйым түрінде іс қылып, іс жүзінде білім алып, еңбекті сүйетін шын еңбекші болып, ұшқанда алатын нәрсесіне ұяда баулынған қыран баласы сияқты жастар шығаратын орын» [4]. Бұл жердегі ұяны тек мектеп, білім беру ұйымы деп қарамаған жөн. Қазақтағы «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген сөзі бекерден айтылмаса керек. Отанды сүю, елге қызмет ету отбасынан басталады десек, әр баланың тәрбиесіне бірінші отбасы мүшелері жауапты болуы тиіс. Қазақтың ұлы тұлғаларының өмір жолдарына көз жүгіртсек, мәселен, Абай, Шокан, Бауыржан т.б. дүниені тануға себепкер болғандар ретінде ата-әжелері, ата-аналары алғашқы болып аталады да, ал содан кейін ғана мектеп айтылады. Сондықтан бала тәрбиесінде ата-ананың рөлін өте маңызды деп қараған дұрыс. Б.Момышұлы: «...Көбінесе аналар баласын жөргегінде жатқанда бүлдіріп алады. ...Егер бала жөргекте жатқан кезінен-ақ анасын тыңдамай, бес жасынан әкесімен тайталасып, тілін алмай, бұзақы болып өссе, онда өсе келе одан сөзсіз жаман адам, жаман солдат шығады», деп тәрбиенің бастауы ананың ақ сүтімен беріліп, отбасынан басталатынын ескертеді. Отбасында ұлттық салт-дәстүрлерге негізделген тәрбиені көрген балада жақсы мінез-құлық қалыптасады және көркем мінезді тұлға елге адал қызмет ететін болады. Б.Момышұлы ұлттық дәстүрлердің қажеттігі туралы: «...Ұрыс жүргізуге кедергі жасайтын ұлттық дәстүрлер жоқ, ұрыс жүргізуге көмектесетін ұлттық дәстүрлер бар. ... Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен солдаттардың бойында жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде халықтардың басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлердің маңызы зор екеніне көзім жетті», -деп жазады. Ұлтымыздың игі дәстүрлері мен рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеу туралы: «Үлкенді сыйлау, парыз бен ар ұятты қасиет тұту, қоғамдық тәртіпті мүлтіксіз сақтау, заңға мойын ұсынушылық, адамды бәрінен де ардақтау адам бойында адамгершілік, Отанға, елге, халыққа, үй-ішіне, адамға, өмірге деген

сүйіспеншілік сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. Өнегелі тәрбие алған адам Отанға берілгендік, әділдік, тәртіптілік сияқты жауынгерлік қасиеттердің негізін бойына сіңіреді» [5,239], -деп жазады. Осы орайда білім беру жүйесін ұлттық педагогикаға, яғни қазақ халқының игі салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына негіздеу керек деп санаймыз. Сондықтан «Мектеп, ата-ана, оқушы» үштігінің жұмысын жандандыру керек. Әрине, ата-аналарды қайта тәрбиелей алмаймыз. Дегенмен, олармен тығыз жұмыс жасау арқылы көзқарасын өзгертуге, баланың тұлға ретінде қалыптасуында үлкен жауапкершіліктің артылатыны жайында ой тастауға, жұмыс жүргізуге болады. Барлық ата-ананы жинап алып, балаларының оқу үлгерімі туралы айтылатын жиналыстардың формасын да өзгертуді заман талап етіп отыр. Бұл бағыттағы жұмыс та өзгерістер мен тың идеяларды қажет етітініне көзіміз жетіп отыр. Сондықтан білім беру жүйесінде баланы жаттандылыққа дағдыландыратын іс-әрекеттерден аулақ болған жөн. Мүмкіндігінше, баламен тең дәрежеде қарым-қатынасқа түсе отырып, олардың дүниетанымын барынша кеңейте түсуге жұмыс жасауымыз қажет. Бала – болашақ дейтін болсақ, сол болашақтың жарқын болуына әрбіріміз жауапты болуымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. А.Байтұрсынұлы «Қазақ өкпесі». «Айқап» журналы №1, 1911 жыл. <https://e-history.kz/kz/news/show/>
2. А. Құнанбаев Шығармаларының екі томдық жинағы. II т. — Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, — 312 б.
3. М.Жұмабаев Шығармалар жинағы. 3-том. Алматы: Жазушы, 2008.-232 бет
4. А.Байтұрсынұлы «Баулу мектебі». Жаңа мектеп» 1925. №1. Б. 24-27.
5. Б.Момышұлы Қанмен жазылған кітап. Алматы: Қазақстан, 1991ж. -400 бет

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

*Искакова Ш.Т.
«Ыбырай Алтынсарин атындағы
мектеп-лицейі» КММ
қазақ тілі пәнінің мұғалімі
педагог-эксперт
Сәтбаев қ., Қазақстан*

Қазақ әдебиеті тарихында хакім Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен әдебиетінде, ұлт руханиятының негізін қалауда ұлт ұстазы Ахметтің де орны сондай. Оның өмірін халықтан бөліп қарау мүмкін емес, өйткені оның барлық тірлік-тынысы, ой-арманы мен мақсат-мүддесі халқына деген қалтқысыз қызметтен туған, ол - халықпен біртұтас, ел жүгін қабырғасы қайыспай көтерер нағыз халық перзенті. Міне, бүгінде осындай азаматтың өмірге келгеніне тура 150 жыл толып отыр, ұлы тұлғаның мерейтойлық жылында артында қалған мұраларына тағы бір зер салып, рухани құндылықтарына жете бір үңіле түсудің сәті келіп отыр.

Жалпы Ахмет Байтұрсынұлының рухани мұраларының тәрбиелік мәніне қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Мысал өлеңдерінің тәрбиелік мәні.
2. Азаматтық-саяси бағыттағы өлеңдерінің тәрбиелік мәні.
3. Педагогикалық идеяларының тәрбиелік мәні.

Ал енді осы айтылғандарға талдау жасап, дәлелдер келтірейік: